

Ж.О. Есеркепова

Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: zhanar_e77@mail.ru

КАН ЮВЭЙ: ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ)

Бұл мақалада саяси жаңару үдерісі кезіндегі Қытайдың көрнекті қайраткері әрі ойшылы Кан Ювэйдің қоғамдық-философиялық көзқарастары баяндалады. Сонымен қатар, мақалада өзін жаңа саяси бағыттың негізін қалаушы ретінде қабылдаған Кан Ювэйдің зияткерлік жетістіктері, утопиялық көзқарастары да қарастырылған. Осыған сәйкес оның философиялық-тарихи доктринасында Батыс өркениетінің тәжірибесі де елеулі орын алады. Кан Ювэйдің «Датун шу» еңбегінде әлем елдері қоғамының бытыраңқылығы, оның алдын алу, қоғамның бірігуі қажет екендігі айтылады. Кан Ювэйдің еңбектері Қытайдың қоғамдық-саяси ой тарихында лайықты орынға ие. Дәстүрлі қытайлық ой-пікірлер мен батыстық идеялардың синтезіне сүйене отырып, ол Қытай қоғамының өміріне әсер еткен бірегей теориялық мұра жасады. Кан Ювэй тарихи аспект бойынша басқару нысандарын, қызмет етудің негізгі принциптерін қарастырған. Батыс елдерінің тәжірибесіне және Қытайдың ерекше дәстүрлі философиясына сүйене отырып, ол мемлекетке бірқатар жетілдірулерді, атап айтқанда, реформалау жолын, жалпыға ортақ принципті, жалпыға бірдей құқықты ұсынды. Мақалада осы аспектілерді қарастыру жолға қойылды. Оған қоса, Кан Ювэйдің кейбір көзқарастарының негізі ҚХР-ның қазіргі саяси өмірінде белсенді түрде қолданылып жатқандығы да мақала барысында көрініс тапты.

Түйін сөздер: Кан Ювэй, утопия, философия, реформа, Датун, модернизация, конфуцийшілдік, саяси ұстаным, батыстық тәжірибе.

Zh.O. Yesserkepova

Ablai Khan KazUIRandWL, Kazakhstan, Almaty
e-mail: zhanar_e77@mail.ru

Kang Youwei: the history of the formation of his public-philosophical views (late XIXth – early XXth century)

The article describes the socio-philosophical views of the prominent figure and thinker of China Kang Yuwei during the period of political renewal. In addition, the article presents the intellectual achievements and utopian views of Kang Yuwei, who considered himself the founder of a new political direction. Accordingly, the experience of Western civilization occupies a significant place in his philosophical and historical teaching. Kang Youwei's Datong Shu says that seeing the disintegration of the society of the countries of the world, it is necessary to prevent it, and it is necessary to unite the society. Kang Yuwei's books occupy a worthy place in the history of Chinese social and political thought. Based on the synthesis of traditional Chinese thought and Western ideas, he created a unique theoretical heritage that influenced the life of Chinese society. Kang Yuwei examined the forms of management and the basic principles of service in a historical aspect. Based on the experience of Western countries and the unique traditional thinking of China, he proposed a number of improvements to the state, in particular, the reform path, the universal principle, and the universal law. The article is devoted to these aspects. In addition, the article also revealed that the foundations of some of the views of Kang Yuwei are actively used in the modern political life of China.

Key words: Kang Yuwei, utopia, philosophy, reform, Datong, modernization, Confucianism, political position, Western experience.

Ж.О. Есеркепова

Казахский Университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы
e-mail: zhanar_e77@mail.ru

Кан Ювэй: история формирования его общественно-философских взглядов (конец XIX – начало XX вв.)

В статье описываются социально-философские взгляды выдающегося деятеля и мыслителя Китая Кан Ювэя периода политического обновления. Кроме того, в статье представлены интеллектуальные достижения и утопические взгляды Кан Ювэя, считавшего себя основателем нового политического направления. Соответственно опыт западной цивилизации занимает значительное место в его философско-историческом учении. В произведении Кан Ювэя «Датун шу» говорится, что видя распад общества стран мира, необходимо предотвратить его, и необходимо объединить общество. Работы Кан Ювэя занимают достойное место в истории китайской общественно-политической мысли. На основе синтеза традиционной китайской мысли и западных идей он создал уникальное теоретическое наследие, повлиявшее на жизнь китайского общества. Кан Ювэй рассмотрел формы управления и основные принципы службы в историческом аспекте. Основываясь на опыте западных стран и уникальном традиционном мышлении Китая, он предложил ряд усовершенствований государства, в частности, путь реформ, универсальный принцип и всеобщий закон. Статья посвящена этим аспектам. Кроме того, в статье также выявлено, что основы некоторых взглядов Кан Ювэя активно используются в современной политической жизни КНР.

Ключевые слова: Кан Ювэй, утопия, философия, реформа, Датун, модернизация, конфуцианство, политическая позиция, западный опыт.

Кіріспе

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы Қытай тарихындағы бетбұрыс кезеңдерінің бірі болып табылады. Қытай елі терең жүйелі дағдарыс жағдайын бастан өткеріп, мемлекеттік егемендігі барған сайын қауіп-қатерге тап болды. Алып державалардың отарлауы, ел ішіндегі тұрақсыздық қоғамдағы жағдайды шиеленістерге бастаған еді. Осы кезеңде Қытай зиялылары қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын қызу іздестірді. Мәселе Қытай өркениетінің аман қалуы, «мемлекетті жойылудан құтқару» туралы болды. Дәл осы кезде Қытай қоғамдық қайраткерлерінің көзқарастарында үлкен мәнге ие болған аса маңызды мәселелер көтерілді: Қытай мен Батыс арасындағы өркениеттік диалог мәселесі, ұлттың өзін-өзі тануы, адамзат прогресінің бағыты мен мақсаты, қоғам мен мемлекеттің жаңаруы жағдайындағы конфуцийшілдіктің маңызы, азаматтық қоғамды қалыптастыру мәселесі, құқықтық мемлекет құру, қоғамды дамыту мәселесі т.б. Осы кезде қытайлық қоғамда батыстық мәдениеттің жетістіктерін қабылдау арқылы конфуцийшілдік дәстүр негізіндегі саясаттың болуын талап еткен белгілі саяси қайраткерлер Вэй Юань, Фэн Гуйфэн, Кан Ювэй, Лян Цичао, Ван Тао т.б. қытай қоғамына өзіндік көзқарастарын ұсына бастады. Мысалы, Вэй Юань, Фэн Гуйфэн

конфуцийшілдік дәстүр мен жаңа өзгерістер байланысын қарастыра отырып, конфуцийшілдіктің моральдік-этикалық принциптерінің артықшылығын ескерген болатын. Әрине, мұндай үстіртін өзгерістер Қытайдың алдындағы жаһандық проблемаларды шеше алған жоқ, сонымен қоса 1894-1895 жж. Жапониямен соғыста Қытайдың жеңілуінен кейін «өзін-өзі күшейту» саясаты сәтті іске асырылмады. Дегенмен, соның арқасында Қытайда жаңа интеллигенция өкілдері пайда болып, батыстық қоғамдық-саяси ойлардың жетістіктерін қабылдау басталған еді.

Бүгінгі күні қытай қоғамының сыртқы және ішкі саясатының беталысын нақты елестету және оның келешектегі бағытын болжау үшін ең алдымен, бастапқы ұстанымдарының сарапталуы мен дамуын білген парыз. Яғни, қытайлық қоғамның әлеуметтік мәселелерін түсіну қағидаларына да шолу жасауымыз керек. Жалпы, қазіргі уақытта XX ғасырдың басындағы Қытайдың ұлы реформаторлары, Кан Ювэй және оның «Ұлы бірігу» (Датун) концепциясы әлемдік, отандық тарихнамаларда жалпылама зерттеу жұмыстары ретінде жеткілікті көлемде көрініс тапқан деуге болады. Дегенмен, Қытай Халық Республикасының халықаралық мәртебесінің өзгеруі мен Си Цзиньпиннің «Қытай арманы» концепциясының пайда болуын ескере отырып, қазіргі ҚХР-да саяси философиясының негізін қалаушылардың, Кан Ювэй секілді кезіндегі реформаторлардың

көзқарастары бүгінгі күні жаңа өлшемге ие бола бастағанын айта кеткен жөн. Бұл бойынша біз қазіргі Қытайда болып жатқан үдерістер осы мәдени-өркениетке негізделгендігіне сүйенуіміз керек. Себебі, XX ғасырдың басына дейін Қытай елі басқа мемлекеттермен салыстырмалы түрде алғанда бөлектеу дамыды. Осыған байланысты мысалы, 1911-1912 жылдардағы Синьхай төңкерісінің бастауын ғасыр басындағы саяси жағдайдағы сипатта емес, Қытай элитасының шешімін таппаған негізгі міндеттері ретінде қарастырған жөн. Бұл міндеттердің ішінде белгілі бір теократиялық белгілері бар мемлекеттің орталық құрылымдарынан бөлек өмір сүрген Манчжур династиясын құлату және аграрлық-бюрократиялық құрылымды коммерцияландыруды бірінші орынға қою керек. Сондықтан да бұл мақаланы жазудағы да мақсатымыз – қытай қоғамындағы Кан Ювэйдің реформа жолындағы күрестері, көзқарастары мен оның «Ұлы бірігу» тұжырымдамасын бүгінгі күнмен байланыстыра қарастырып, талдау жасау.

Материалдар және әдістер

Біздің қарастырып отырған мәселеміздің теориялық-әдіснамалық негіздерін модернизация және философиялық теориялар құрайды. Себебі бұл қарастырып отырған кезеңдегі Қытайда болып жатқан үдерісті түсіндіруге көмектеседі. Атап айтқанда, Батыстың экспансиясына мемлекет пен қоғамның реакциясы салдарынан Қытайдың дәстүрлі өркениеттік көзқарастарының дағдарысын айтуға болады. Ал XIX-XX ғасырлар тоғысындағы Қытайдағы интеллектуалдық өзгерістерді зерттеу әдістемесін көрнекті қытай философы әрі қайраткері Лян Цичао (1873-1929) қалыптастырды. Ол Батыс пен Қытайдың зияткерлік тарихын функционалистік тұрғыдан салыстыруға негіз болған мәдени құндылықтардың ұқсастығы деп аталатын әдісті ұсынды. Аналогия әдісі тұрғысынан Лян Цичао өзінің ұстазы Кан Ювэйді «Конфуцийшілдік Мартин Лютер» деп атады (Мартынов, 2010: 35). Сол кезде модернизация теориясы «дәстүрлі» елдерді дамыған елдер сияқты неғұрлым дамуға тартуға болады деген болжамға сүйене отырып, кез келген елдің нақты дамуының ішкі факторларын қарастырады. Дегенмен, Қытай батыстық идеялар мен институттардың синтезіне және өз дәстүріне негізделген өзіндік жанару жолын ұстанды.

Мақаланы жазу барысында келесідей зерттеу әдістері қолданылды. Салыстырмалы әдіс пайда-

ланылған зерттеу жұмыстарына сүйене отырып, әртүрлі кезеңдерінде қоғамның өзгеруі мен дамуы жайындағы тұжырымдамалардағы ақпараттарды салыстыруға мүмкіндік берді. Ал тарихи әдіс мемлекеттік басқару концепцияларын Кан Ювэйдің көзқарастары арқылы тарихи аспектіде анықтауда көмегін тигізеді. Аналитикалық әдіс арқылы Қытай қоғамындағы тарихи оқиғалар мен Кан Ювэйдің саяси ұстанымдарына талдау жасалды.

Қарастырып отырған мәселеміз аясында зерттеу еңбектері, мәліметтер мен дереккөздерінің кең ауқымдылығымен де тығыз байланысты. Сондықтан, Кан Ювэйдің еңбегінің аудармасы тұрғысынан да қарастырылды (Кан Ю-вэй, 1961). Мысалы, Кан Ювэйдің «Датун шу» еңбегінде әлем елдері қоғамының бытыраңқылығы, оның алдын алу қажеттігі, қоғамның бірігуі керек екендігі, бір болу мәселесі айтылады. XIX ғ.соңы-XX ғ. басындағы Қытайдағы қоғамдық ой мен саяси күрестің қалыптасуы мәселелері туралы, Кан Ювэй көзқарастарына Howard R.C. өзінің зерттеу жұмыстарында талдау жасаған (Howard R.C., Jung-pang Lo, 1967).

Сонымен қатар, Кан Ювэй еңбектері мен көзқарастарына талдаулар ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде де терең қамтылған. Атап айтқанда, Мартынов Д.Е., Кобзев А.И., Тихвинский С.Л., Кузнецова Н.В., Селлман Дж.Л., Борох Л.Н., Титаренко М.Л. секілді т.б. ғалымдардың зерттеу жұмыстары мақаламызды жазуға арқау болды. Олардың зерттеулерінде Кан Ювэйдің қытайлық мәдени құндылықтарды сақтай отырып, Қытайда модернизация қалыптастыру жолында өмір бойы күрескен ерлік істері т.б. баяндалады. Осы мәселелерді шешу үшін Кан Ювэй әлеуметтік үдерісті классикалық конфуцийшілдік әдебиеттерден іздегендігі қарастырылған.

Ал қозғалып отырған тақырып аясында отандық зерттеушілер тарапынан іргелі зерттеулер көп емес деуге болады. Дегенмен, XIX ғ.соңы-XX ғ. басындағы Қытайдағы қоғамдық ой мен саяси күрестің қалыптасуы, реформаторлардың ой-көзқарастары жайлы, соның ішінде Кан Ювэй секілді қайраткерлердің күрестерінің халықаралық деңгейдегі көрінісіне талдау жасалған еңбектер бар. Мысалы, Мұқаметханұлы Н., Құдайбергенова А. (Мұхамедханұлы Н., Құдайбергенова А., 2021), Алдабек Н., Түргенбай А. (Алдабек Н., Түргенбай А., 2011), Бектурганова П.Е. (Бектурганова П.Е., 2015) секілді қытайтанушы

ғалымдардың да еңбектерінде тікелей және жанама мәліметтер көрсетілген.

Нәтижелер мен талдаулар

ХІХ ғ. екінші жартысында Қытай экономикасына шетелдік кәсіпкерліктің енуіне байланысты ол әлемдік нарықтың бір бөлігіне айнала бастады. Бірақ саяси алаңда өзіндік ерекшелігі бар Қытай буржуазиясы пайда болған еді. Олар билеуші таппен және монархиялық режиммен байланысы жоқ, дәстүрлі басқару жүйесін түсінбейтін жаңа әлеуметтік топтар – жаңа интеллигенция, ұсақ және эмигранттық буржуазия т.б. еді. ХІХ ғ. соңы-ХХ ғ. алғашқы онжылдығында олар төңкерістік-демократиялық қозғалыстың негізгі күші болды. Еуропалық өркениетпен танысқан интеллигенция өкілдері Қытайдың капиталистік елдерге қарағанда қаншалықты артта қалғандығын түсінді. Оларды мемлекеттегі феодалдық тәртіп, манчжур үкіметінің Қытайды шетелдердің басып кіруінен қорғай алмауы, ел билеушілерінің жаңашылдық пен демократиядан алшақтығы алаңдатты (Мартынов, 2022: 221). Солардың ішінде Кан Ювэй Қытайдың батыстық тәжірибені алу мүмкіндігін, соның ішінде еуропалықтардың идеялары мен саяси ұстанымдар саласындағы жаңалықтарын жақтады. Бірақ ол бұл мүмкіндікті конфуцийшілдік ой-көзқарас арқылы негіздеді. Кан Ювэйдің көзқарастары бүгінгі күні Қытай қоғамында өз көрінісін беруде деуге болады. Мінекей, дәл осындай тенденциялар Қытайдың қазіргі қоғамдық өміріне де тән. Жалпы қазірдің өзінде ҚКП конфуцийшілдік идеялардан бас тартпайды, бірақ оларды заманауи тұрғыда өздеріне сай бейімдеп, өзгертеді және қолданады. Бүгінгі күні Қытайдағы ресми идеология «қытайлық ерекшелігі бар социализм» болып табылады. Ол әрі қарай «өркендеу» қоғамын құру және ХХІ-ші ғасырдың ортасына қарай «Ұлы бірлік пен үйлесімді» қоғамына көшу жоспарланған. Бұл Кан Ювэй көзқарастары мен «Ұлы бірігу» тұжырымдамасының ҚХР-ның қазіргі саяси өмірінде белсенді түрде қолданылып жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар Кан Ювэй идеялары мен саяси ұстанымдарын қарастыра отырып:

- Кан Ювэй – көрнекті тарихи тұлға және философ. Оның шығармалары Қытай қоғамдық-саяси ойының тарихында лайықты орын алады. Дәстүрлі қытайлық ой-пікірлер мен батыстық идеялардың синтезіне сүйене отырып, ол Қытай қоғамының өміріне әсер еткен бірегей теориялық

мұра жасады. Оның зияткерлік жұмысы ерекше назар аударуға лайық, өйткені ҚХР бүгінгі ресми идеологиясының негізінде Кан Ювэйдің «Сяокан» қоғамы туралы ойлары жатыр. Ежелгі қытайлық ойшылдардың пікірінше, «Сяокан» тұжырымдамасы – идеалды қоғамның үлгісі деп есептелінді. «Сяокан» қоғамы жайында ҚКП ХVІ съезінде Цзян Цзэмин де өз баяндамасында атап өтті. Негізінен, ең алғаш «Сяокан» түсінігі қытайдың атақты «Шицзин» деп аталатын әндер жинағында кездеседі. Мінекей, ертедегі қытайлық концепцияны Кан Ювэй өзінің реформаторлық көзқарасына бейімдеп қолданса, оның осы көзқарастарының негізіне сүйене отырып өз кезінде ҚХР басшысы Цзян Цзэмин де «Сяокан» қоғамын, яғни орта дәулеттілер қоғамын құруды қолға алды. «Сяокан» қоғамы тек табыс табуды ғана емес, жан-жақты дамуды мақсат тұтады: саяси, экономикалық, мәдени т.б;

- Кан Ювэйдің философиялық жүйесінің негізінде «үш дәуір» ұғымы бар. Тұжырымдаманың өзі Конфуций заманынан бері белгілі, ал Кан Ювэй өзінің кезеңіне сәйкестендіріп оның бағытын өзгертті. Концепцияның әртүрлі нұсқаларын, өзгеруіне оның қосқан үлесін, негізгі идеялары мен олардың Қытай мемлекетінің өміріне әсерін зерттеуге ерекше назар аударған жөн, өйткені ҚКП қазіргі заманға бейімделген дәстүрлі концепцияларды әлі де пайдаланады;

- Кан Ювэй шығармалары жан-жақты, оның жұмысында белгілі бір логика бар деуге болады. Ол тарихи аспектіде басқару нысандарын, қызмет етудің негізгі принциптерін қарастырды. Батыс елдерінің тәжірибесіне және Қытайдың ерекше дәстүрлі ой-пікіріне сүйене отырып, ол мемлекетке бірқатар жетілдірулерді, атап айтқанда, реформалау жолын, жалпыға ортақ принципті, жалпыға бірдей құқықты ұсынды. Осы аспектілердің әрқайсысын зерттеу қызықты деп есептей аламыз.

Кан Ювэй (1858-1927) – әлемдік үдерісті дәстүрлі қытай өркениеті тұрғысынан түсінуге тырысқан соңғы қытай философтарының бірі болып табылады. Сондай-ақ, батыс ілімімен танысу мүмкіндігі Кан Ювэйдің шығармаларына да әсер етті. Ол өз жұмысында дәстүрлі қытай ойлары мен батыстық идеялардың синтезін пайдаланды. Ол реформалар арқылы елдегі өзгерістерді жақтады. Ежелгі қытай ілімдерінен реформалау жолдарын, оны қазіргі шындыққа айналдыру жолын іздеді (Мартынов, 2022: 38).

Ал ХІХ ғасырдың соңында Қытайдың кең көлемді жаңғырту бағдарламасымен қытай ин-

теллигенциясының өкілдері қытайлық қоғамда қалыптасқан білім және тәрбиені өзгертуді, манчжур үкіметіндегі консервативтік элементтердің болуына қарсы болып, Қытайдың мүддесіне орай шетелдік ғылымды пайдалануды ұсынды. Реформаторлардың пікірінше, Батыстың көлемді экономикалық жетістіктерін алып, парламенттік демократияны игермейінше Қытайдың тәуелсіз болуына және гүлденуіне жол ашылмайды. Олар қоғамның дәстүрлі бюрократиялық негізін «жаңартылған» конфуцийшілдікпен байланыстыруды жөн көрді. Кан Ювэй өзінің «Конфуцийдің мемлекеттік құрылыс реформасы туралы ілімін зерттеу» атты еңбегінде Қытай дәстүрінің ең алғашқы реформаларының бірі етіп Конфуцийдің ілімін қолданған. Олардың басты мақсаты – протекционизм саясатын жүргізу, ұлттық капиталды қолдау арқылы буржуазиялық қоғам құру емес, конфуцийшілдік империяны қалпына келтіру, Қытай мәртебесін қайта орнату болды. Бірақ аталған дәстүрлердің әсерінен реформаторлар көздеген мақсаттарына жете алған жоқ. Өйткені, өзінің қоғамдық мәртебесіне байланысты ғылым тұлғалары манчжур билік өкілдерімен бірге Батыстың әлеуметтік-саяси және мәдени институттарының жетістіктерін қабылдамады. Қалай болғанда да, реформа жетекшілері үлкен жұмыс жүргізіп, дәстүрлі жүйе жаңартылды, қытайлық билеуші таптың алға жылжуына айтарлықтай септігін тигізді. Дәл осы уақытта Қытай қоғамдық пікірінде әлі күнге дейін құндылығын жоймаған маңызды сауалдардың қойылуы орын алды: Қытай мен Батыстың өркениеттік диалогының, ұлттық өзіндік танымның қиындығы, адамзат үрдісінің бағыты мен мақсаты, қоғам мен мемлекеттің жаңартылуы жағдайындағы конфуцийшілдік, азаматтың қоғамның қалыптасу, құқықтық мемлекет орнатудың, құқықтық сана дамуының қиындығы т.б.

Кан Ювэйдің идеялық-саяси мұрасын талдаудың маңызды көзі оның әлеуметтік утопия жобасын ұсынған «Датун шу» (Ұлы Бірігу кітабы) еңбегі болып табылады (Кан Ю-вэй. Пер. С.Л. Тихвинского, 1961: 111). Жоба идеалды қоғам туралы дәстүрлі конфуцийлік идеяларға негізделген. Оның ойынша, датун – адам болмысының ең жоғарғы формасы, соғыссыз, тең, әділетті әлем, басты мәселе мәңгі өмірге қол жеткізе алатын әлем. Жалпы, Қытайдың бүгінгі даму үрдісін түсіну үшін тек оның саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуын зерттеп қана қоймай, ең алдымен Дэн Сяопин, қазіргі Си Цзиньпин секілді

қытай басшыларының ұстанып келе жатқан идеологиялық көзқарастарына да мән беру қажет. Си Цзиньпин ҚКП-ның XIX-съезінде «Қытай ұлтының бес мың жылдық тарихы» туралы айтты. Бірақ Кан Ювэй одан да бұрын ертерек Шығыс пен Батыстың «бес мың жылдық» жемісті өзара қарым-қатынасы туралы жазған. Ал идеологиялық көзқарастардың тамырын бір ғасыр бұрын ұсыныс жасап кеткен қытай ойшылдарының бағдарламаларынан табуға болады. Сол идеяларды жете қарастырсақ, Қытай модернизациясының даму бағдарын сонда ғана дұрыс бағалауға мүмкіндік аламыз. Бұл мәселеге көп жағдайда Қытай модернизациясы жөніндегі идеялар, реформаторлардың ұсыныстары, ұлтшылдық идеялар, Кан Ювэй жобасы, Датун бағдарламалары т.б. жатады.

Кан Ювэйді түсіндіруде оның үш дәуір іліміндегі принциптерін былай көрсетуге болады:

- 1) адамзат қоғамы өзгеріп, жетіліп жатыр;
- 2) қоғамның дамуы белгілі бір жолмен жүреді: «хаос дәуірінен» «қалыптасып келе жатқан тепе-теңдік дәуірі» арқылы «Ұлы тыныштық дәуіріне» өтеді. Сонымен бірге, Кан Ювэй «қалыптасып келе жатқан тепе-теңдік дәуірін» сяокан дәуірімен, ал «Ұлы тепе-теңдік дәуірін» «Ұлы бірігу» (Датун) дәуірімен салыстырады;

3) әрбір дәуір алдыңғы дәуірмен салыстырғанда өркениетті және дамыған болып келеді. Ұлы теңдік пен Ұлы Бірігу қоғамы ғана адамзат үшін бақытты, жұмақтағы өмірді қалыптастырады;

4) адамзат қоғамы өз дамуында (Шығыс немесе Батыс болсын) міндетті түрде жоғарыда аталған үш кезеңнен өтеді, атап айтқанда, «Хаос дәуірі» – «қалыптасып келе жатқан тепе-теңдік дәуірі» – «Ұлы тепе-теңдік дәуірі» жолы. Бұл жолдар бүкіл дүние жүзіндегі адамзат қоғамының тарихи дамуының заңдылығы;

5) адамзат қоғамы бірте-бірте дамиды. Негізінен, «Хаос дәуірі» – «қалыптасып келе жатқан тепе-теңдік дәуірі» – «Ұлы тепе-теңдік дәуірлерінің» қатаң реттілігін бұзуға болмайды (Титаренко, Кобзев, Лукьянов, 2006: 278).

Демек, Кан Ювэй «Хаос дәуірін» абсолютті монархиямен (басшыға толық бағынатын мемлекет), «кішкентай өркендеу дәуірін» конституциялық мемлекетпен (басшы мен халық бірге билік етеді) салыстырады. Сонымен қатар, монархия конституциялық және республикалық та болуы мүмкін. Ал, датун қоғамы Ұлы тепе-теңдік

дәуіріне сәйкес келеді. Яғни, демократиялық принциптерді жаһандық ауқымда толық жүзеге асыруға болады («баршаға тиесілі мемлекет», «баршаға тиесілі Аспан империясы»).

Кан Ювэйдің әлеуметтік ілімдерін екі бағыттағы ұстаным ретінде қарастыра аламыз. Бірінші ұстанымы XIX-XX ғасырлардағы Қытай проблемаларын шешудің практикалық нұсқаларын білдіреді. Олар XIX ғ. соңғы онжылдығында әзірленіп, ұсынылды және кейінірек 1898 ж. «100 күндік» реформаларға әкелді. Оған қоса, ол 1912 жылдан кейін ол мемлекеттік тәртіпті сынға алды. Екінші ұстанымы сол кездегі саяси жағдайға байланысты емес, нақты саяси тәжірибеде көрсетілмеген осы теориялық идеялары болып табылады. Мысалы, XIX-XX ғасырлар тоғысында Қытайда болған конфуцийшілдік бағыттағы реформасы тек саяси-этикалық нормаларды қайта қараумен шектелген жоқ. Ол дәстүрлі мәдениеттің терең негіздеріне – дүниетаным тұжырымдамасына, өмір мен өлім туралы түсініктерге тоқталды. Кан Ювэйдің интеллектуалдық қызметі бірізділікпен сипатталмайтындығына назар аударатыны: ұлы реформатор екі бағытта да белсенді жұмыс жасады деуге болады. Демек, оның жүргізген жұмыстары мен қалдырған мұрасына қарай екі жақты: саяси аспекті бойынша практик-реформатор ретінде және утопиялық ойшыл ретінде көрсете аламыз. Кан Ювэй Қытай тарихына ғана емес, Батыс елдеріне де қызығушылық танытты.

Кан Ювэйдің «идеалды әлем» жобасына тоқталсақ, оның түсінігі бойынша идеал дүниенің мынадай қасиеттері бар:

- Дүние географиялық параллельдер мен меридиандар бойынша шартты түрде бөлінген 10 000-нан астам географиялық аймақтарға бөлінеді;

- Евгеникалық тәжірибенің көмегімен еуропалық келбеті, қытай мәдениеті бар біртұтас адамзаттың қалыптасуы. Бұл ретте Кан Ювэйдің Еуропадағы саяхаттарынан алған тәжірибесінің әсерін байқауға болады. Соның ішінде оған еуропалықтардың сыртқы келбеті ұнаған;

- Тіл қытай грамматикасына және ең әдемі итальян және француз секілді роман тілдерінің фонетикасына негізделеді;

- оның ойынша отбасы құндылығы жойылды. Неке бір жылға жасалады, содан кейін ерлі-зайыптылар басқа серіктес іздей алады немесе қарым-қатынасты жалғастыра алады. Бұдан Кан Ювэй көзқарасына батыстық идеяның әсерін көре аламыз. Яғни, жеке өмірдегі индивидуализм идеялары.

- Балалар кәмелетке толғанша мемлекет тәрбиесінде болады;

- Ер-әйел арасындағы қарым-қатынастар толық теңдік негізде құрылады;

- Жалғыз, жетім-жесір, қарт кісілердің – бәрінің ас-суы, тамағы болады. Адам абсолютті еркіндікке, бәріне қол жеткізе алады деген құбылыстарға теріс қарағанымен Кан Ювэй бұған келіседі (Тихвинский, 1953: 130). Қытайдың дәстүрлі ой-пікіріне тән емес, қоғамда адамды үстем ретінде санайтын батыстық ойдың, теңдік идеясының ықпалының мысалын оның осындай көзқарастарынан байқай аламыз.

Ұлы Бірігу болашақ утопиясының қоғамы үшін Кан Ювэй ерекше образ жасады. Ол негізгі конфуцийлік концепцияларды, азаптан құтылу туралы буддизм концепциясын және ағылшын утилитаризмінің маңызды принципін (бүкіл әлемнің және оның тұрғындарының максималды бақытқа жетуге ұмтылысы) біріктірді. Буддизмнің аспектілері Ұлы Бірігу қоғамының негізгі идеясына жақын. Мысалы, ол баяу қарқынды, ойластырылған өмір салтын, тыныштықты жақтайды. Адамды табиғатты аялау пен үйлесімділікке шақырады (Кузнецова, 2013: 81). Кан Ювэй әлемі әртүрлі азаптарға толы, алдымен азаптардың себептерін анықтап, оларды жою керек дейді. Бұл, ең алдымен, әрбір адам бақытты болатын қоғам үшін қажет. Яғни оның ойынша, бұл Датун қоғамы.

Оның көзқарасы бойынша, Датун дәуіріне қол жеткізгенде барлық адамдар өз құқықтарына ие болып, барлығына қарым-қатынас бірдей болады. Бюрократиялық дәрежелер мен атақтар жойылып, король, патша дегендер болмайды. Дүниежүзілік үкімет конфуцийліктің негізгі бағыттарының көрінісі – адамгершілік пен даналыққа қол жеткізеді. Сонымен, Кан Ювэйдің идеалды қоғамында саяси және ер-әйел арасында айырмашылықтар болмайды. Білім деңгейі артып, осыған байланысты жаңа өнертабыстар шығып, барлық аурулардың вакциналары пайда болады. Адамдар бақытқа жетіп, қайғы-қасірет жоғалып кетеді, адамдардың барлық қалаулары орындалады. Яғни, адамдар физикалық тұрғыда мәңгі өмір сүру деген ықыласын орындай алады, бір қызығы Кан Ювэйдің утопиясында осындай мәңгі өмір идеясы бар (Селлман, 1998: 157).

Кан Ювэй Қытайда өзі ұсынған республика түрлерінің бірін құру мүмкіндігі туралы мәселе көтере отырып, Қытайға тек номиналды монархиялық республика ғана қолайлы екенін түсінеді. Бұл Қытайдың ерекше тарихи дамуы-

мен, атап айтқанда, халқы көп кең территориясымен, ерекше философиялық мектептерімен, дәстүрлі қытайлық ой-пікірімен және басқа да бірқатар факторлармен байланысты (Мартынов, 2010: 183). Осыған қарамастан ол 1911 жылғы оқиғаларға дейін конституциялық монархияның жақтаушысы болған еді. Алайда, 1911 жылдың нәтижесі бойынша ол мемлекеттік құрылымға деген көзқарасын өзгертіп, Қытайға номиналды монархиялық республиканың жолы ғана қолайлы деген пікірге келеді. Америкалық ғалым Сяо Гунцюань Кан Ювэй конституциялық монархия мен номиналды монархиялық республиканың басты айырмашылығын осы екі басқару формасының біріншісінде монарх билігі конституциямен шектелетінінен көрді деп түсіндіреді. Ал екінші жағдайда монарх, шын мәнінде, кез келген нақты биліктен айырылады. Бірнеше ғасырлар бойы Қытайдағы көптеген көрнекті ойшылдардың, атап айтқанда Кан Ювэйдің санасында Батыс тәжірибесін қытай дәстүрімен өзгерту идеясы басым болды. Ал ол бұл ойды өз шығармаларында көрсетуге тырысты. Еуропа мемлекеттеріне деген бағыт ұстау Қытай қоғамының консерватизмі мен артта қалуына қарсы күресінің бір түрі болған еді. Бірақ, Кан Ювэй өмірінің тарихи шындығы үшін оның шығармалары, атап айтқанда, «Датун шу» сол кездегі қоғам үшін тым жаңашыл болды деп тұжырымдау керек. Бірақ сонымен бірге ол өз шығармаларында мемлекеттік басқаруды қолдады. Мысалы, реформалар арқылы мемлекетті және тұтастай алғанда әлемді өзгертуді жақтады.

Дегенмен, Кан Ювэйдің өз кезінде армандаған «Сяокан», «Датун» қоғамын ҚХР қазіргі кезеңдегі басшылары қолға алып жатыр деп айта аламыз. Мысалы, «Сяокан» қоғамы дегенде Қытайдың ашықтық экономикалық реформасының негізін қалаушы Дэн Сяопин заманауи, нарыққа бағдарланған және технологиялық жағынан дамыған Қытайды елестетті. Ал Цзян Цзэминь өз тұсында шамамен 20 жыл ішінде «Сяокан» қоғамын құрамын деген. Өз кезінде басшылықта болған ҚХР төрағасы Ху Цзиньтао саясатта «үйлесімді әлем» тұжырымдамасын жариялады. «Үйлесімді әлем» бойынша, Қытай АҚШ, Ресей, Жапония, көршілес және дамушы елдермен қарым-қатынасын үйлесімді дамытуды қолға алған еді. Яғни, ҚХР өзін әлемдік державалармен тең және теңгерімді қарым-қатынасты сақтауға қабілетті мемлекет ретінде көрсеткісі келді. Ал ҚХР қазіргі басшысы Си Цзиньпиннің «Қытай арманы» туралы концепци-

ясы, ол билікке келгеннен бері қолға алған және Қытайдың ұлттық жаңғыруына, экономикалық өсуіне және әлеуметтік тұрақтылығына бағытталған тұжырымдамасы. Қазіргі ҚХР төрағасының «қытайлық арманы» Датунға көшу.

Ал ҚХР құрылуына 100 жыл толуына орай «күшті, демократиялық, өркениетті, үйлесімді, жаңарған социалистік мемлекет» құру жоспарланды (Мұқаметханұлы Н., Құдайбергенова А., 2021: 113). Осылайша, «Қытай ұлтының ұлы жаңғыруы» мен «Қытай арманының» жүзеге асуы орын алуда. Тұжырымдама Қытайды тек экономикалық даму жағынан ғана емес, сонымен бірге ұлттық жаңару, мәдени өркендеу және саяси-әлеуметтік прогресс бойынша даму идеясына негізделген. Бұл арман қытай халқының жақсы өмірге, мықты елге айналуы және гүлденген болашаққа деген ұжымдық ұмтылыстарын бейнелейді. Ал осы «Қытай арманы» тұжырымдамасының кей тұстарын Кан Ювэй, Сунь Ятсен т.б. еңбектерінен таба аламыз. Олар да «Қытай арманы» ретінде заманауи, демократиялық және гүлденген Қытайды елестеткен еді.

Қорытынды

Осылайша, Кан Ювэйдің көзқарастарын талдай келе, Қытайдағы қоғамдық трансформация тәжірибесі бұрынғы әулеттердің тәжірибесі сияқты дәстүрлі қытайлық ой-пікірге негізделді деуге болады. Себебі, қытай билеушілері мәселелерге жауаптарды ертеде – конфуцийшілдік ілімдерден іздеген. Кан Ювэй де дәл осындай көзқарасты ұстанды, бірақ ол Қытайдың жартылай отарға айналуынан туындаған дағдарысты, артта қалуын дамыған Еуропа елдерінің тәжірибесін қолдану арқылы шешуге тырысқан еді. Кан Ювэйдің «100 күндік» реформалар аясындағы саяси қызметі мемлекет пен жалпы қытайлық қоғамның мұндай жаңашыл тәртіпке бейімделуге дайын еместігін көрсетті. Осыған байланысты оның еңбектеріне қызығушылық таныту және оларды көпшіліктің талқылауы билеуші әулет ауысқаннан кейін және Қытай мемлекеті дамудың сапалық басқа деңгейіне өткеннен кейін ғана мүмкін болды. Кан Ювэй толық тәуелсіз және билік құрылымдарын басқара алатын қоғам құру идеясын алға тартты. Оның саяси реформалар жобаларына халық сайлайтын мемлекеттік институтты, конституциялық монархия кезінде жұмыс істейтін парламент құру, экономикалық және

технологиялық дамуға жәрдемдесу, қоғамның барлық деңгейін қамтитын жаңа білім беру жүйесін құру, сот саласын реформалау жүйесі кіреді.

Ойымызды қорыта келе, Кан Ювэйдің Қытай тарихына сіңірген еңбегі зор деп қорытынды жасауға болады. Ол алғашқылардың бірі болып Қытайды дамытудың мүлде жаңа идеясын ұсынды. Кан Ювэй саяси-құқықтық теорияның жаңа түрін жасаған алғашқы қытай ойшылы бо-

лып саналады. Классикалық канондарды терең білу және Конфуцийге деген діни құрметі, Батыс елдері туралы аударылған әдебиеттермен танысуы және сол кездегі саяси оқиғалар туралы ой-пікірлері – мұның бәрі оның өте ерекше саяси-құқықтық доктринаны жасауына әкелген еді. Ол батыстық саяси-құқықтық теориялардың элементтерімен біріктірілген конфуцийшілдік дәстүрдегі жаңа бағытты қалыптастырды.

Әдебиеттер

- Алдабек Н., Түргенбай А. (2011). Қытай мәдениетінің тарихы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, – 314 б.
- Бектурганова П.Е. (2015). Теоретическая основа китайской модернизации // Вестник КазНУ. Серия востоковедение. №2 (72). С. 46-51.
- Борох Л.Н. (2004). Влияние буддийской философии на утопию Кан Ю-вэй // XXXIV научная конференция «Общество и государство в Китае» М., С.153-160.
- Howard R.C., Jung-pang Lo. K'ang Yu-Wei: a biography and a symposium. The University of Arizona Press, Tucson, Ariz., 1967, XIII, 541 p. [Электронды ресурс]. <https://www.worldcat.org/title/67599045> (қаралған күні: 25.01.2023)
- Кан Ю-вэй. (1961). Из книги «Датун шу». Пер. С.Л. Тихвинского // Избранные произведения прогрессивных китайских мыслителей Нового времени (1840–1898 гг.). М., С. 111–130
- Кузнецова Н.В. (2013). Буддизм и дзен-буддизм – трансформация идей буддизма в течении дзен-буддизма // Культура. Духовность. Общество. – № 4. – С. 81
- Ломанов А.В. (2017). Традиционная утопия и современная политика Китая // Партнерство цивилизаций. – № 1-2. – С. 394-410.
- Мартинов Д.Е. (2022). Ван Тао, Кан Ювэй и концепция «Великого единения»: проект глобализации по-китайски // Большая Евразия: развитие, безопасность, сотрудничество. – № 5-1. – С. 221-225
- Мартинов Д.Е. (2022). Кан Ювэй об истоках цивилизации Запада // Россия и мир: научный диалог. – № 1(3), март. – С. 36-52.
- Мартинов Д.Е. (2010). Кан Ю-вэй: Жизнеописание. – Казань: Институт истории АН РТ им. Ш. Марджани. – 328 с.
- Мұқаметханұлы Н., Құдайбергенова А. (2021). Си Цзиньпин билігінің доктринасы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. – №2 (97), 106-115 бб.
- Селлман Дж. Л. (1998). Кан Ювэй // Великие мыслители Востока. – М. – С. 154-160.
- Титаренко М.Л., Кобзев А.И., Лукьянов А.Е. (2006). Духовная культура Китая: энциклопедия в 6 томах. Том 1. Философия. М.: "Восточная литература" РАН, 2006.- 728 с.
- Тихвинский С.Л. Китайский утопист Кан Ю-вэй (из истории китайской общественной мысли) // Вопросы философии. – 1953. – №6. – С. 126-139.

References

- Aldabek N., Turgenbay A. (2011). Kytai madenietinin tarihi: okulyk. – Almaty: Kazakh University, – p. 314
- Bekturganova P.E. (2015). Teoreticheskaya osnova kitajskoj modernizaczii // Vestnik KazNU. Seriya vostokovedenie. №2 (72). S. 46-51.
- Borokh L.N. (2004). Vliyanie buddijskoj filosofii na utopiyu Kan Yu-ve`ya // XXXIV nauchnaya konferenciya «Obshhestvo i gosudarstvo v Kitae» M., S.153-160.
- Howard R.C., Jung-pang Lo. K'ang Yu-Wei: a biography and a symposium. The University of Arizona Press, Tucson, Ariz., 1967, XIII, 541 p. [Elektrondy resurs]. <https://www.worldcat.org/title/67599045> (qaralghan kyni: 25.01.2023)
- Kan Yu-ve`j. (1961). Iz knigi «Datun shu». Per. S.L. Tikhvinskogo // Izbrannye proizvedeniya progressivnykh kitajskikh myslitelej Novogo vremeni (1840–1898 gg.). M., S. 111–130
- Kuznecova N.V. (2013). Buddizm i dzen-buddizm – transformaczija idej buddizma v techenii dzen-buddizma // Kultura. Duhovnost. Obshhestvo. – № 4. – S. 80-84
- Lomanov A.V. (2017). Tradiczionnaya utopiya i sovremennaya politika Kitaya// Partnerstvo czivilizaczij. – № 1-2. – S. 394-410.
- Martynov D.E. (2022). Van Tao, Kan Yuve`j i koncepcziya «Velikogo edineniya»: proekt globalizaczii po-kitajski // Bolshaya Evraziya: razvitie, bezopasnost, sotrudnichestvo. – № 5-1. – S. 221-225
- Martynov D.E. (2022). Kan Yuve`j ob istokakh czivilizaczii Zapada // Rossiya i mir: nauchny dialog. – № 1(3), mart. – S. 36-52.
- Martynov D.E. (2010). Kan Yu-ve`j: Zhizneopisanie. – Kazan: Institut istorii AN RT im. Sh. Mardzhani. – 328 s.

Mukametxanuly N., Qudaybergenova A. (2021). Si Czipin biliginiñ doktrinası // Al-Farabi atındağı QazUY Xabarşısı. Şıǵıstanw seriyası. – №2 (97), 106-115 bb.

Sellman Dzh. L. (1998). Kan Yuve`j // Velikie mysliteli Vostoka. – M. – S. 154-160.

Titarenko M.L., Kobzev A.I., Lukyanov A.E. (2006). Dukhovnaya kultura Kitaya: encziklopediya v 6 tomakh. Tom 1. Filofofiya. M.: "Vostochnaya literatura" RAN, 2006.- 728 s.

Tikhvinskij S.L. Kitajskij utopist Kan Yu-ve`j (iz istorii kitajskoj obshhestvennoj mysli) // Voprosy filosofii. – 1953. – №6. – S. 126-139.